

«Келісілді»

«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің білім басқармасы» КМҚК

басшысының орынбасары

А. Абдрахманов

25 ақпан 2026 жыл

«Бекітемін»

Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары
КМҚК директорының м.а.

Кошанова А.К.

25 ақпан 2026 жыл

«Мағжан жыры – мәңгілік жыр» атты Мағжан оқулары облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

«Мағжан оқулары» – қазақтың көрнекті ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын насихаттау, жас ұрпақтың поэзияға деген қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылатын әдеби байқау.

Байқау колледж студенттері арасында өткізіледі. Әр оқу орнынан 5 қатысушыдан артық болмауы керек.

Байқауды ұйымдастырушы: М.Жұмабаев атындағы жоғары колледжінің «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ЦӘК ұжымы»

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Мағжан Жұмабаевтың әдеби мұрасын сүйсіне оқып, білім алушылардың көркемсөз оқу шеберлігін дамыту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Міндеттері:

- жас дарындарды анықтау;
- поэзияны мәнерлеп оқу мәдениетін қалыптастыру;
- сахна мәдениетін дамыту;
- шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

III. Байқау кезеңдері

Байқау 1 кезеңнен тұрады.

IV. Байқауға қатысу шарттары

Қатысушы Мағжан Жұмабаевтың бірнеше өлеңін жатқа, мәнерлеп оқуы тиіс. Қатысушы дауысының жазбасын қолдануға болмайды. Қосымша әділқазыларға Мағжан Жұмабаевтың жатқа білетін шығармаларының тізімін тапсырады. Әділқазы таңдауы бойынша шығарманы жатқа, мәнерлеп оқуды сұрайды.

Орындау уақыты – 10 минут.

Қатысушының сахналық киімі ұлттық нақышта болғаны құпталады.

Қосымша музыкалық сүйемелдеу қолдануға рұқсат етіледі.

Авторлық шығармалар бөлек номинация ретінде қарастырылуы мүмкін.

V. Бағалау критерийлері

Әділазылар алқасы қатысушыларды томендегі критерийлер бойынша бағалайды:

- Қатысушының өлеңді жатқа білуі;
 - Дауыс ырғағы, мәнерлеп оқу шеберлігі;
 - Сахна мәдениеті;
 - Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығындағы сезім мен эмоцияның толық берілуі;
 - Ұсынылған шығармалар көлемі.
- Бағалау 5 балдық жүйемен жүргізіледі.

VI. Өткізу уақыты мен орны

Байқау «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК базасында 2026 жылдың 18 наурызында өтеді. Басталу уақыты: сағат 10:00-де. Қатысушыларды тіркеу: сағат 9:00-10:00. Тіркеу орны: «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК, 1-кабат.

Байқауға қатысу туралы өтінім (1-косымша) ұсынылған үлгіде және жатқа білетін шығармалар тізімін 2026 жылдың 13 наурызға дейін Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы Абай көшесі 28 үй, индекс 150000, email: aiman.kasienova@mail.ru, zhanna.iskakova@mail.ru электрондық мекенжайы бойынша қабылданады. Байланыс телефондары: 87026748831 Искакова Жанна Жумабековна; 87751371434 Касенова Айман Капеновна.

VII. Әділқазылар алқасы

Қазылар алқасы әдебиет пәні мұғалімдері, мәдениет саласының өкілдерінен құралады.

Қазылар шешімі соңғы болып табылады және қайта қаралмайды.

VIII. Жеңімпаздарды марапаттау

Байқау қорытындысы бойынша жүлдегерлер I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

Қорытынды

Байқауға қатысу – ерікті.

Ұйымдастыру комитеті байқау шарттарына өзгеріс енгізуге құқылы.

Әділқазылар алқасының құрамы

- 1. Зейнуллин Бауржан Жанатович**, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы;
- 2. Жанатов Орал Сәбитұлы**, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің облыстық тілдерді оқыту орталығы басшысының орынбасары;
- 3. Зағыпар Аманжол**, Қызылжар ауданы, КММ «Бәйтерек орта мектебі» қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. «Ерік Асқаров атындағы облыстық жас ақындар мектебі жазба ақындық бағыты» бойынша жетекшісі;
- 4. Жүзен Бақыт Ермекқызы**, «СҚО әкімдігінің білім басқармасы» КММ, «Петропавл қаласының білім бөлімі» КММ, «М.Жұмабаев атындағы ІТ мектеп-лицейі» КММ, Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-шебер;
- 5. Касенова Зира Сейлбековна**, «СҚО әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Петропавл қаласының білім бөлімі» КММ «Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектеп» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-зерттеуші;

1-қосымша

Өтінім үлгісі

№	Аты-жөні	Оқу орны	Жетекшінің аты-жөні	Оқитын шығармалары	Байланыс телефондары